ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 01 желтоқсан №7119-25-00-2/12840 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу электрондық тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Мәдениет жәнеақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Қызылғұрт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет жәнеақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Қызылғұрт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Қызылғұрт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қызылғұрт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж мөлшерінде өндірілсін.

«Қызылғұрт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Мәдениет жәнеақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.01.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 06.01.2026
7119-25-3-1/12929

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбын 5 000 (бес мың) теңге, және мемлекеттік баж 150 (жүз елу) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж. Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.01.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 06.01.2026
7119-25-3-1/12929